

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдай мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 215 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдай мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдай мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1. "Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 18-құжат; 2006 ж., № 2, 14-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; 2018 ж., № 24, 93-құжат):

1) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Төтенше жағдай кезінде және осыған байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық саладағы дағдарыс жағдайында қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер";

2) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер

1. Төтенше жағдай енгізілген кезде оның қолданылуы кезеңінде мынадай негізгі шаралар мен уақытша шектеулер көзделеді:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуін күшейту;

2) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде жүріп-тұру еркіндігіне, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігіне шектеу белгілеу;

3) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру, оларды жеке қарап-тексеру, олардың алып жүрген заттарын, көлік құралдарын қарап-тексеру;

4) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерге немесе Қазақстан Республикасының аумағына кіруге, сондай-ақ олардан шығуға шектеу белгілеу;

5) жиналыстарды, митингілер мен демонстрацияларды, шерулер мен пикетке шығуды, ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ баланың туылуына, үйлену тойына, қайтыс болуға байланысты отбасылық салт-жораларды өткізуге тыйым салу немесе шектеу;

6) ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де тәсілдеріне тыйым салу;

7) жарылғыш, радиоактивті, сондай-ақ химиялық және биологиялық қауіпті заттарды пайдаланатын заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру;

8) егер төтенше мән-жайларға байланысты материалдық және мәдени құндылықтардың жойылуының, ұрлануының немесе бүлінуінің нақты қауіпі болса, оларды қауіпсіз аудандарға көшіру;

9) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде ол қолданылатын бүкіл кезең ішінде сайлау және республикалық референдумдар өткізуге тыйым салу;

10) үкіметтік байланысты қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарының қызметін тоқтата тұру.

2. Төтенше жағдай енгізілген және осыған байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық саладағы дағдарыс жағдайы кезеңінде елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес салық, бюджет, кеден, банк, еңбек заңнамасының, монополияға қарсы заңнаманың, халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі, мемлекеттік сатып алу, валюталық реттеу туралы, азаматтарды әлеуметтік қорғау, мемлекеттік мүлік саласындағы, бәсекелестікті қорғау, мемлекеттік бақылау және қадағалау, елдің халықаралық міндеттемелерін іске асыру мәселелері жөніндегі заңнаманың қолданылу ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.";

3) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Төтенше жағдайдың қолданылуын тоқтатудың құқықтық салдары

1. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеуге байланысты нормативтік құқықтық актілер төтенше жағдай енгізілген мерзім ішінде ғана қолданылады және осы Заңның 15-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданған актілерді қоспағанда, төтенше жағдайдың тоқтатылуымен бір мезгілде ол туралы арнайы хабарландырусыз-ақ күшін жояды.

Осы Заңның 15-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданған құқықтық актілердің ережелері, егер Қазақстан Республикасы Президентімен немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша

актілердің өзінде өзгеше қолданылу мерзімі белгіленбесе, төтенше жағдайдың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

2. Төтенше жағдайдың қолдануын тоқтату төтенше жағдай режимін бұзу туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізудің тоқтатылуына әкеледі."

2. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-І, 46-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53-құжат, 55-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 15-16, 67-құжат):

46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуы белгілі бір мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке нормативтік құқықтық актімен жүзеге асырылады.

Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуы "Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда және тәртіппен тоқтатыла тұруы мүмкін .".

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 15 наурыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*